

Адам қуқығы туралы  
ЕРТЕГІЛЕР  
ЖИНАҒЫ



Адам  
құқықтары туралы  
ертегілер жинағы



Астана қ.  
2023

ӘОЖ 821 (574)-93  
КБЖ 84 (5Қаз-Рус)  
Ш63

Қазақстан Жастар Ақпарат Қызметі

**Мәтін:** Антонина Шипулина

**Аудармашы:** Назгүл Қожабек

**Түзету:** Әбділда Жұлдыз

**Суреттер:** Қаракөзайым Сәрсенғалиева (@qarakoz.arts)

**Баспа:** Service Press баспаханa, Алматы, Халиуллин көшесі, 32/1

**Шипулина А.**

Ш63 **Адам құқықтары туралы ертегілер жинағы.** — Алматы: МИСК, 2023. — 84 б. сур.

**ISBN 978-601-354-092-4**

ӘОЖ 821 (574)-93

КБЖ 84 (5Қаз-Рус)

*Балалар ертегілері уақыт өткізудің қызық амалы ғана емес, балаларға құқық туралы білім беру құралы да болуы мүмкін. Адам құқықтарын, еліміздің Конституциясын ерекше сюжет пен бас кейіпкердің оқиғасы арқылы үйретуге болады. Бұл жинақта адам құқықтарын насихаттайтын он ертегі бар. Әр ертегі белгілі бір мән мен Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай да бір бабының сипаттамасынан аяқталады. Ертегілер авторы Антонина (Тоня) Шипулина — Қазақстанның талантты балалар жазушысы, ол «Ведьма Страны Туманов», «Зефирный Жора. Крупная кость», «Тайна ведьмы Урсулы» деген шығармалар жазған. Бұл оқиғалар балалардың есінде қалып қана қоймай, қоғамдағы әр азаматтың құқығын түсіну мен міндетін сезінуді үйретеді.*

ISBN 978-601-354-092-4

©«Қазақстан жастар ақпарат қызметі» ҚҚ филиалы, 2023

# Мазмұны

Қасым мен қазы .....	5
Бай адам.....	13
Қара қасқыр .....	19
Бозбала мен екі дәу .....	27
Сандық түбіндегі түйме .....	33
Мақтаншақ.....	41
Түлкінің тартуы .....	49
Тиіннің жүрегі .....	61
Ішінде бірдеңесі бұзылып қалған хан .	69
Қыз бала, Уббе және мөңке балық.....	75





# Қағым мен Қазы



# Қасым мен қазы

(Қытай халық ертегісінің желісімен)

Сот әділдігі

Ерте заманда бір ауылда Қасым деген қария тұрыпты. Бар байлығы – қолындағы нары екен. Қария нарын балаша мәпелеп, ауыр жүк артпай, жем-суын баптап беріп бағыпты. Айнала жұрт Қасымға күле қарап, мазақ қылады екен. Қария жұрттың сөзін елең қылмай, жан жолдасы, көз қуанышы болған жануарды мәпелей беріпті.

Күтімі жақсы, жаны қиналмаған нар жүні желкілдеп, көзі мөлдіреп, қараған адам сүйсінердей әдемі көрінеді екен.

Қария бір жолы нарын жетектеп, азын-аулақ үн алмаққа базарға аттанады. Базардың кіреберісіне жануарды байлап, сауда жасауға кетіп, қайта оралса – нары жоқ. Оның орнына біреу көтерем, ауру түйесін байлап кетіпті.

Қасым байбалам салып, базарды шыр айналып, нарын іздейді. Анда барса да жоқ, мында барса да жоқ. Отыра қалып басын тоқпақтап жылап та

алады. Бір кезде ызасы келіп, ұрының жазасын бермек болып орнынан тұрады. Сол жердің қазысы бір бай екен, соған барып әділет іздемек болады.

Бұл қазы туралы неше түрлі алыпқашпа әңгіме көп айтылады екен. Қолы таза емес дейді екен жұрт. Бай өзін-өзі қазы сайлап алған соң, демей қайтсін? «Басқа қазыны қайдан табармын? Маған келгенде беті бері қарап, әділін айтар», – деп ойлаған қария көтерем түйені жетелеп, ұрлыққа шағымдануға шығады.

Әйтеуір жетіп жығылды. Қазының үйі хан сарайындай екен. Бай төр алдындағы алтын зерлі бөстекке шынтақтай жайғасыпты. Сөйтіп жатып жұрттың шағымын қарай бастапты. Араарасында жиегін алтындатқан кеседен шайын ұрттап, ыстық бауырсақтан асап қояды.

Қасымның да кезегі жетті. Бай басын көтеріп, Қасымның төбесінен төне бір қарайды да, көмекшілеріне көтерем түйені ортаға әкелуді бұйырады. Көмекшілер түйені әкелгенде, қазы оған жер-жебіріне жетіп ұрса бастайды:

– Сен өзің қайдан шыққан бәлесің? Біреудің түйесінің орнына тұрып алуға, өзіңді солмын деуге қалай ғана дәтің барды?



Түйе болса басы салбырап, үнсіз тұр.

Қазының бұл қылығына Қасым таңырқай қарады. Байғұс түйеден не жауап алмақ екен? Сонда да үндемеді.

Қазы болса, әбден қаһарына мініп алып:

– Дереву мына түйеге тұмылдырық кигізіңдер! Жем-су бермеңдер! Үш күн қамап қойыңдар! Содан кейін қалай “сайрағанын” көрейік, – деп айғай салды.

Қасым қазының ақымақ сөзіне күлейін десе күле алмай, өзін әрең ұстады. Тек бұйрық қатты, жан тәтті, көмекшілер бәрін екі айтқызбай істеді. Түйені бос қораға, жем-су бермей қамап қойды.

Ол арада қазының осы бұйрығы туралы қауесет желдей есіп, үшінші күн болғанда сотты көрмекке жиылған жұрт сыймай кетті. Қазы түйеден қалай жауап алар екен деп бәрі елеңдеп, мойнын созып қарасып тұр.

Байдың өзі жұртты біраз күттіріп қойып, түскіге асылған қойдың етін тауысып барып бір-ақ шықты. Мамық бөстектеріне шынтақтай жайғасып алып, түйені әкелуді бұйырды.

Жандайшаптар байғұс жануарды сүйрегендей қылып жетелеп әкелді. Қамауға түскенге

дейін-ақ көтерем жануар енді тіпті кісі аярлық болып арып, жүдеп, аяғын басып тұруға шамасы қалмапты. Қарны қабысып, жағы қушиып, сүйегіне терісі ілініп, тулақ болып қалған. Көрген адамның көзіне жас келеді-ақ.

Қазы ақырып жіберді:

– Әй, көмекшілер, мына оңбағанға отыз дүре соғыңдар! Аямай ұрыңдар!

Жиылған жұрт күбірлесіп кетті. Қасым аһ ұрды.

Көмекшілер істің жөнді-жөнсізін ойланып тұрсын ба, түйені таяқтың астына алды.

Он, жиырма, отыз дүре соқты. Таяқ батқан түйе адамша зарлап, көзінен жас сорғалады.

Көмекшілер сонда да қоймады. Қазы болса, арасында айғайлап:

– Ал, енді мойындайсың ба? Неге өзіңді басқа түйенің орнына қоймақ болдың? – деп сұрап қояды.

Түйеде үн жоқ. Жаны түршіккен әйелдер аһ ұрып, теріс айналды. Малға мұндай зорлық қылғанға шыдай алмай кеткен Қасым орнынан атып тұрып:

– Шағымымды қайтып алдым! Қайтып алдым!  
– деп айғай салды.

Қазы самарқау ғана иегін қаққанда, көмекшілері байғұс түйені таяқтағанын доғарды. Өлермен болған түйе соңғы әлін жиып орнынан тұрып, тәлтіректей басып зытты.

Қасым:

– Мұндай қазылығыңа болайын! – деп нықтап айтты да, сот орнынан шығып кетті.

Өздері сайламаған қазының ақымақтығы мен жауыздығын көрген жұрт та қарияның соңынан кетті. Топ ішінен біреу:

– Қасым аға, нарыңызды іздесейін! Төңіректегі ауылдардың бәрін аралап іздеймін. Ұры осы маңнан ұзай қоймаса керек! – деді.

Жұрт дабырласып:

– Біз де іздесеміз! – деп жатты.

Шынымен, жұрт ақылдасып алып, бірнеше күн іздеген соң, Қасымның бағына қарай, нары табылды. Ұрыны да ұстап, соттаймыз деді. Өлбетте, олар ұрыға қазының көтерем түйеге істегенін істеген жоқ. Оған қоса, бұдан былай қазыны ақылды да адал кісілерден өзіміз сайлаймыз деп ұйғарды.

*Елді кім басқаратынын, кім билікке өкілдік ететінін өзіміз таңдаймыз. Билік заң шығарады әрі ел игілігіне қызмет етуге тиіс. Сондай-ақ билік соттың әділ болғанын, баршаға тең қарағанын қадағалайды.*

*Билік осалдық танытып, міндетін атқара алмай жатса, оны қайта сайлап алуымызға болады. Сен де 18 жасқа толған соң сайлауға қатысып, кім билік қылатынын өзің таңдай аласың. Бәлкім, өзің де билік өкілі болғың келер.*



### **Қазақстан Республикасының Конституциясы, 3-бап**



1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.
2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.
3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.
4. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.
5. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.





# Бай адам



# Бай адам

(Моңғол халық ертегісінің желісімен)

Кемсітпеу

Бұл оқиға бертін заманда болған. Күндердің күні қисапсыз байлығы бар бір кісінің іші пысыпты. Іші пысатын жөні де бар. Ішкені алдында, ішпегені артында, төңірегіндегілердің бәрі мұның аузын бағып, алдында құрдай жорғалайтын. Уайым-қайғы жоқ, қамсыз өмір сүріп жатқаннан ба екен, әлгі адам аса жауыз, қатал болыпты. Өзі болса, әділмін дейді екен.

Бір күні сол адам іші пысқаннан ауыл-аймаққа аты шыққан, өткенді де, болашақты да көре алатын құмалақшы апаны алдына әкелуді бұйырыпты.

Сондағысы – он, жиырма, отыз жыл өткен соң да осындай бақуатты, ас та төк өмір сүре берем бе, жоқ па, соны білгім келеді депті.

Құмалақшы байдың алдына барып, оның жүзіне бажайлай қарап алғаннан кейін:

– Нені айтайын? – деп сұрапты.

Бай бірден жауап бермей, құмалақшыға құлана, сынай қарап отыра беріпті. Мына құмалақшы жұрт айтып жүргендей керемет сәуегей ме екен деп тексеріп көрмек болған ғой.

– Әуелі өзім туралы өзім білмейтін нәрсені айт.

– Жарайды, – дейді құмалақшы.

Алуан түсті құмалақ салынған дорбасын шығарып, байға қарай созады:

– Біреуін ал.

Бай айтқанды екі етпей, ақ мамықтай борпылдаған уысын дорбаға сүңгітіп жіберіп, ең жақсысын алғысы келіп, құмалақтарды араластыра береді. Ақырында ең ірісін шығарып:

– Міне! – деп құмалақшыға қарайды.

Тек сол сәтте көз алдында бәрі өзгеріп сала берді. Хан ордасындай үйі де, жандайшап-нөкерлері де, құмалақшы кемпір де жоқ болып кеткен. Қу медиен дала ғана қалған. Не болды? Енді қайтпек?

Нөкерлерін де, құмалақшыны да сықпырта балағаттап, тамағы қарлыққанша айғайласа да ешкім келмеді. Сол арада күн батып, ымырт үйірілді. Қылар қайран жоқ, қонар жер іздеу

керек. Шаршап, қалт-құлт етіп жүріп, кішкентай бір ағашқа жетіп, соның түбіне жатып жан шақырды. От жағып жылынып алсам ба деп ойлады да, оған не істеу керегін есіне түсіре алмай-ақ қойды. Жел ұйытқып, алыстан қасқырдың ұлығаны естіліп, төңіректен адамның жанын мұздатар үрей есе бастады. Бай көзі ілінбей, бүрісіп ұзақ жатып, ақыры қалжырап ұйықтап кетті. Бір уақытта қарны ашып, шөл қысып оянды. Қасына үлкен бір шегіртке келіп қонып еді, бай оны шап беріп ұстап алып, аузына тыға салды. Тыжырынып, жиіркенсе де жеп алды.

Таң ата жаңбыр жауды. Бай басындағы алтын оқалы тақиясын жаңбырға тосып, жиылған суды ішіп жан шақырды. Үсті-басы малмандай су, тоңып-қалтырап, ары қарай кетті. Қанша жүргенін кім білсін. Күн күнге ұласып, уақыттың есебінен жаңылып, қымбат кебісінің табаны қақырап, киімі де жұлым-жұлым болып тозды.

Ақырында, бүйткенше өлсем етті деп ойлап келе жатқанда, алыстан кішкентай ғана бір үй көрінді. Бай бар күшін жиып, ілбіп отырып соған жетті.

Алдынан бір әйел шығып, ізетпен сәлем беріп, бұған үйге кір деді. Бай туған анасын көргендей қуанып кетті. Әйел бұған сүт қатқан шай беріп, әңгімесін бастады. Бір кездері бағып отырған қойы мен жылқысын байдың қызметшілері салыққа деп тартып әкеткенін, күйеуін қарсы шықтың деп таяқтап, зынданға тастағанын, жалғыз ұлы нәпақа табуға кетіп, енді жападан-жалғыз қалғанын айтып берді.

– Барым – мына кішкентай дорба құрт қана, – деп, әйел дорбадан ең үлкен құртты шығарып, байға ұстатты. – Ас болсын! Арып-ашып келе жатқан сияқтысыз. Адамның күні адаммен, осындайда бір-бірімізге көмек қылмасақ болмас.

Бай әйелдің қолынан құртты ала беріп, еңіреп жылап жіберді. Қанша жылағанын кім білсін. Жасын тыйып, есін жиып қараса, қолындағы құрт дегені құрт емес, бағанағы ең ірі құмалақ екен. Әлі де кең сарайдай боз үйінің дәл ортасында тұр екен, дәл қарсы алдында құмалақшы апа тұр. Тіпті дастархандағы майлы қуырдақ та суып үлгермепті.

– Ал, өзің білмейтін нәрсені білдің бе? – деген құмалақшы бұрылды да, шығып жүре берді.



*Адамның бәрі тең. Ұлтың, жынысың қандай болса да, қай тілде сөйлеп, неге, кімге сенсең де, қайда тұрсаң да, қанша ақшаң болса да – бәріміз теңбіз. Өзгелерден өзгеше болғаның үшін саған жұрт басқаша қараса, бұл – дискриминация. Дискриминация, яғни алалау әділетсіз әрі заңға қайшы.*



## **Қазақстан Республикасының Конституциясы, 14-бап**



- 1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.**
- 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.**



# Қара қасқыр





# Қара қасқыр

Өмір сүру құқығы

Аты есте қалмаған шалғайдағы әлдебір елде аңдардың арасында бір қара қасқыр тұрыпты. Үлкендігі сондай, ол аузын ашып есінегенде, күннің орнын көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады екен. Қасқырдан аң атаулының бәрі қорқатын. Өйткені ол өзгенің жанын алуды жанындай жақсы көретін. Таң атқаннан кеш батқанша қорқауларына бұйрық берген дауысы естіліп тұратын:

– Мына қоянды шайнап тастаңдар! Мына суырды дәл қазір талап тастаңдар!

Қара қасқыр аңдарды тергемей, сотқа салмай жазалай беретін. Өзі жазықтыларды ғана жазалап жүрмін деп ойлайтын. Өзінше әділет орнаттым дейтін.

Күндердің бір күнінде аса ауыр жазадан кейін қара қасқыр үлкен алма ағаштың саясында демалып жатқан. Бұл ағаштың саясында қасқыр ғана жата алатын. Өзге аңдар ағаштың көлеңкесіне аттап басса болды, «ұры» атанып, сол сәтте жазаға кесілетін.

Ағаштың саясында ауа жұпардай аңқыған, салқын болатын. Қара қасқыр тынығып, рахаттанып жатыр. Маужырап, көзі іліне беріп еді, тұмсығының ұшына бірдеңе келіп қонды. Қасқыр шоши қойсын ба, мұны қорқытуға ештеңенің шамасы жетпес. Сонда да селт етіп, атып тұрды. Қасқырдың тұмсығына тиіп кеткен жәндік ыршып барып шөп арасына жасырынып қалды.

– Қайдан шыққан бәлесің? – деп ақырды қара қасқыр. – Сазайыңды тартасың, ұры неме!

– Аяй көр, – деген дауыс шықты шөп арасынан, – мен бар болғаны кішкентай ғана шегірткемін.

Қара қасқыр оны тыңдасын ба. Дауыс шыққан жерді табанымен сарт еткізді. Жер дір етіп, ағаштан бірнеше шикі алма үзіліп түсті. Ал шегіртке бұлт етіп жалтарып кетіп, қайта тығылып қалды.

– Мені өлтірме, қасқыр, – деді ол. – Бір қажетіңе жарармын.

Қасқыр қарқылдап тұрып күлді. Оның күлкісінен жер мен ауа дірілдеп, ағашта қалған алманың бәрі төгіліп түсті.

– Менің не қажетіме жараймын деп тұрсың? – деді қасқыр бір кезде күлкісін әрең тыйып.

– Жаза кесуге барғанда мені алып жүр, ненің



жанын қалай алған жөн екенін айтып отырамын, – деді шегіртке.

Қара қасқырдың әуестігі жеңіп бара жатса да, самарқау ғана:

– Оның бәрін мен сенсіз-ақ білем. Сенен жөн сұрардай жайым жоқ, – дейді.

– Ал, жарайды, ендеше, айта ғойшы, жыланды қалай өлтіретінін білесің бе? – деді шегіртке. – Оны талап тастай алмайсың, қайырылып келіп өзіңді шағып алады.

Қара қасқыр ойланып қалды.

– Ал тасбақаның жанын қалай аласың? – деп тықақтап қоймады шегіртке. – Сауытына кіріп кетсе, басқа түгіл сенің тісің батпайды. Бүркітке де аузың жетпейді, күнге қанатын тосып ұшады ол. Соларды қалай өлтірмексің?

– Қалай? – деп сұрады абдырап қалған қара қасқыр.

– Құлағыңды тос, ең қапысыз тәсілдерін айтайын, – деді шегіртке.

Қара қасқыр келісе кетті. Шегіртке қасқырдың желкесіне қонып алып, құлағына сыбырлап, жыланды, тасбақа мен бүркітті өлтірудің ең жақсы тәсілдерін айтып берді.

Қасқыр бұдан былай көбірек жаза кесіп, тоқтаусыз жан алатын болдым деп қуанды. Бұрынғыдан да әділ бола түсемін деді. Сөйтіп шегірткеге үнемі жанында жүруге рұқсат етті.

Шегіртке қасқырдың жалына жармасып алып, күні бойы кеңес беруден талмайтын. Қасқыр да оның айтқанын екі етпей орындайды. Сол бір қаралы күндері қасқыр қаншама аң-құстың жанын алды. Қасқыр аңдарды көбірек өлтірген сайын, мұның желкесіне мініп отырған шегіртке үлкейіп, ауырлай берді. Күндердің күні қанатының шеті қасқырдың терісіне батып, алдыңғы сирақтары қасқырдың алқымын орап алардай болды.

Бір күні, қара қасқыр ең зұлым жазасын атқарған күні шегірткенің алдыңғы аяғы қасқырдың алқымына оралып, қыса берді. Қасқыр қанша жанталасса да шегірткенің шеңгелінен құтыла алмай, тұншығып, қырылдап барып жантәсілім етті. Тіпті бұл саясында жатып жаны жай табатын алма ағаштың өзі бұл өлді деп қайғырған жоқ.

Аңдар бәрін бірден аңдады. Әлгі келген шегіртке емес, шегіртке болып келген зұлымдық атаулының өзі десті. Қазір де ол бір жерде ыршып-секіріп, біреудің құлағына сыбырлап, небір зұлымдық тәсілін айтып жүрген шығар.

*Әркім өмір сүруге хақылы. Адамды өлтіруге ешкімнің – азаматтардың да, мемлекеттің де хақысы жоқ. Сондықтан біздің елде өлім жазасына тыйым салынған.*



**Қазақстан Республикасының  
Конституциясы, 15-бап:**



1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.
2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.





# Боздала мен дәулер





# Бозбала мен екі дәу

Жеке адамның қадір-қасиетіне  
қол сұғуға болмайды

Күндердің күні бір бозбала отардан бөлініп қалған қойын іздеп жүріп, адасып кетіпті. Жүре-жүре бір жерде аялдайды. От жағып, алауға қарап, ағаштың сытырлап жанғанын тыңдап отырып, ұйықтап қалады. Бір кезде кіндік тұсына әлдебір нәрсе қатты тиіп, жанына батқан аурудан оянып кетті. Көзін уқалап қараса, баяғыдан сөніп қалған оттың жанында екі дәу жүрелеп алып, асық ойнап отыр екен. Асық ойнағаны сол, сақасын бозбалаға дәл тиетіндей қылып иіреді. Асықтарының үлкендігі торсықтай, сақасы одан да үлкен, оның үстіне тұтас алтыннан құйылған екен.

Екі дәу бозбаланың оянғанын көріп, оны мазақ қылып күле бастайды.

– Сөлбірейген түріңе болайын, қырып алар еті жоқ шүкімайт адам, – депті бірінші дәу. – Сені бір шынашағыммен мыжи саламын ғой!

Дәудің күлгенінен жер селкілдеп кетті.

– Ілмиіп қалған сүйкімсіз адам неме, – деді екінші дәу. – Мынаны бір үрлесем, Айға дейін ұшып барып, соған соғылып өледі ғой!

Бұл дәу селкілдеп күлгенде аспаннан бір жұлдыз үзіліп түсті.

Бозбала басы бөлеге қалғанын ұқты. Енді бұл бөледен қалай құтылмақ?

– Асық ойнағаннан жалықтым, ішім пысты, – деп бірінші дәу орнынан атып тұрып, бозбалаға жетіп барды да, екінші дәуге қаратып: – Мына адам созыла ма екен, соны тексеріп көрейікші! – деді де, бозбаланы бір қолынан шап беріп ұстап алды.

– Тексерейік! – деп екінші дәу де келісе кетіп, бозбаланың екінші қолына жармасты. Сөйтіп екеуі бозбаланы екі жаққа тарта бастады. Бозбаланың буыны сырқырап, сүйектері сытырлап, жанына батқан аурудан көз алды қарауытып кетті.

Сонда да жанына батқанын білдірмей, күле берді:

– Ойбой, қытығым келді! Ойбой, қытығым келді!

Екеуі таңданып, бозбаланы босата салды.

– Енді мынау шайқала ма екен, соны тексерейік! – деді де, бірінші дәу бозбаланы ұстап алып, тері меске құйылған қымыз құсатып шайқай бастады. Шайқалғаннан бозбаланың іші-бауыры түйіліп қалды. Өне-міне жаны шығып кетердей болды.

Сонда да бар күшін жиып, қарқылдап күліп:

– Ойбой, ішім-ай! Ойбой, рахат-ай! – дей берді.

Тағы да таңырқаған дәулер бозбаланы босата салды.

– Сен, сүйкімсіз, ілмиген адам неме! – деп гүрілдеді бірінші дәу. – Бізге де осындай рахат қылмасаң, сені құмырсқа құрлы көрмей жанши саламыз!

– Бізді де осындай рахаттанып күлдір! – деп айғайлады екінші дәу де.

– Оған жетер сендердікіндей күшім қайда, – деді бозбала есін жиып. – Дегенмен, бір амалын білемін. Тілімді алсаңдар, рахатқа кенелесіңдер.

– Аламыз тіліңді! – деді екі дәу бірауыздан.

– Анау құрап қалған екі ағашты көріп тұрмысыңдар? Әрқайсың бір-біреуден алып, бір-біріңнің басыңнан бар күшіңді салып ұр.

Екі дәу бозбаланың тілін алып, құрап қалған

ағаштарды тамырымен жұлып алып, күші жеткенше серігінің басынан ұрды. Қатты тиген соққы батып, көзінің оты жарқ ете қалса да, дәулер оны мойындай алмас еді. Адамның алдында осалдығын көрсетпек емес! Масқара болмайық деп, ыңырсып:

– Ойбой, рахат-ай! Ойбой, рахат-ай! – дей берді.

– Рахат болса, тағы бір ұрыңдар! – деді бозбала ақыл айтқансып.

– Қой, құрысын! – деп ақырған екеу ағашты алысырақ лақтырып жіберді. – Осы рахат та жетер!

Бозбала үндемегенімен, іштей: “Әрине, жетер. Өйткені адам болсын, дәу болсын, ешкімді қорлауға болмайды” деп ойлады. Сөйтіп тірі қалғанына қуанып, аяңдай басып үйіне кетті. Ал жолда отардан бөлініп қалған қойларын да тауып алды.

Екі дәу болса, содан бері асығын адамдардан аулақта ойнайтын болыпты. Әрі біреудің төзімін сынап көруге де құлықсыз болып қалыпты.

*Әр бала да ересек адам сияқты маңызды әрі құрметке лайық. Өзгелер саған қандай қатынас қылсын десең, сен де солай қыл. Адамды ұрып-соғуға, қорлауға, азаптауға және оған қатыгездік көрсетуге болмайды. Бұл олардың ар-намыс құқығын – еркіндік және маңыздылық құқығын бұзады.*



### **Қазақстан Республикасының Конституциясы, 17-бап:**



1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.



# Сандық түбіндегі түйме







# Сандық түбіндегі түйме

Жеке өмірге қол сұқпау

**Э**желгі өткен заманда Ермек есімді кісі болыпты. Өзі өте мейірімді екен, бірақ бірде-бір жақыны жоқ, жалғызділік екен. Жан серігі – әкесінен қалған домбыра ғана. Домбырасының пернесіне саусағы тисе болды, бар қайғы-мұңын ұмытып, дүр сілкініп шыға келеді екен. Оның домбырасының шанағынан шыққан әуенді естіген адамның бәрі де қайғы-мұңынан арылатын болыпты.

Күндердің бір күні, ымырт үйіріле Ермек үйіндегі тозығы жеткен бөстегін төсеніп, домбыра тартып отырады. Домбыраның пернесінен төгілген әсем күй үйге сыймай, шаңырақтан өтіп, бүкіл далаға таралады. Ермек бар дүниені ұмытып, күй төге берді. Жаны жадырап, сарайы ашылды.

Кенет, бір жақтан жотасында жылтыры бар кесіртке атып шығып, күй әуеніне еріп, билей бастады. Құйрығын бұлғаңдатып, табанын

ырғаққа қосып қағып қойып, көзін жұмып алып, елтіп бір биледі дейсің! Ермек тіпті оған таңғалған да жоқ. Ештеңе болмағандай домбырасын тарта берді. Кесірткеге қуана, жымия қарап қойып, тарта берді, тарта берді...

Күн көкжиектен асқан шақта Ермек домбырасын тынықсын деп кереге басына ілді. Кесіртке де биін доғарып, үйден зып беріп шығып кетті. Ермек жаңа ғана кесіртке құйрығын бұлғандатып билеген жерге қарап, өз көзіне өзі сене алмай, таңтамаша болды. Жерде бір уыс жылтыраған тиын жатыр екен. Ермек оларды жинап алып, алақанына салып салмақтап, тісіне басып тексеріп көрді. Таза күміс! Кесірткенің бұған күй тартқаны үшін тастап кеткен алғысы екенін түсінді. Сол күннен бастап Ермек күн сайын кесірткеге арнап күй тартатын болды. Ал кесіртке оған күн сайын күміс тастап кететін. Ермектің жай-күйі оңалып, бақуатты өмір сүре бастады. Киім-кешегін жаңалап, бір сиыр, бірнеше тауық-қораз сатып алды.

Таныстары оның бұл өзгерісіне таңғалғанымен, Ермектен ештеңе сұрап мазасын алмайтын. Тек бір іші тар көршісі ғана қызғаныштан күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Өзі бұрыннан

Ермектің домбырасынан сондай ғажап әсем күй төгілетінін көре алмайтын, енді іштарлығы тіпті өршіп кетті. Ақыры Ермекке мұндай дәулет қайдан біткенін білмек болады. Бір күні Ермек сыртқа шығып кеткенде, оның үйіне кіріп, іргеде тұрған сандықтың ішіне кіріп жатып алады. Сандыққа әрең сыйып, екі бүктеліп жатса да, жанын жеп бара жатқан іштарлықтан бәріне көнуге дайын еді.

Ермек үйіне оралып, жаңа сәкісіне ыңғайланып отырып алып, адал серігі – домбырасына қол созады. Саусағы пернеге тигені сол екен, кесіртке жетіп келіп, билей бастайды. Бұл уақытта сандықта жатқан көрші әбден жалығып, қалғып бара жатқан еді. Күмбірлеген күй әуенін ести сала оянып кетіп, сандықтың қақпағын саңылаулап ашып, сығалап қарайды.

Қанша қараса да, көргеніне сене алмай таң болды. Әуелі атып шығып, мына Ермек кесірткемен дос екен деп бүкіл ауылға жар салып, оны мазақ қылмақ болды. Тек сәлден кейін күміс тиындарды көріп, алдыңғы ойынан айнып, енді кесірткенің көзін құртпақ болды.

Ермек күйін тартып болып, төсегіне жатқанда көрші сандықтан абайлап шығып кетті.

Ертеңінде сол уақытта үй іргесінен кесірткені аңдып тұрып, саптама етігінің табанымен мыжи салды. Кесіртке шиқ етіп дыбыс шығарып үлгермей, досының күмбірлеген күйін де ести алмай, жантәсілім етті.

Ермек кесіртке досын түн ауғанша күтіп, ол келмегенге қатты қапа болды. Оған не болды екен деп ойлап, көзі ілінбей қойды. Ал таңертең үйінен шыққанда, босағада өліп жатқан кесірткені көрді. Оны жан досындай жоқтап, үйінің жанына құрметтеп көмді.

Қырық күн өтер-өтпесте, тура сол жерден жапырағы жайқалған, жемісі уылжып піскен ағаш шықты. Жемісінің тәттілігі сондай – жалғыз жеген ұят болар деп, Ермек іргесінде тұрған сандықты әкеліп, соған жеміс теріп салып, базарға апармақ болды. Сандықты ашқанда, түбінде бір дөп-дөңгелек нәрсе жылтырап жатқанын көреді.

Ермек әлгі түймені алақанына салып, зер салып қарап тұрып, іші тар көршісінің түймесін танып қойды. Биші кесірткені өлтірген кім екенін де бірден түсінді. Сөйтіп, көршісі қылмысына лайық жазасын алсын деп, түймені әділ қазыға апарып берді.

*Құн сайын достарыңмен хат жазысасың, телефонмен сөйлесесің, поштадан хат жолдайсың. Өзің рұқсат бермейінше, ешкім сенің не жазып, не айтқаныңды қарап, тыңдай алмайды. Сондай-ақ сенің қанша ақшаң бар екенін де ешкім өз бетімен біле алмайды. Бұл – құпия ақпарат және оны біреуге айтатын-айтпайтыныңды өзің ғана шешесің. Алайда, кейде ережеге бағынбайтын жағдайлар да болады. Мысалы, әлдебір адамдар қылмыс жасады деген күдік болса немесе жасаған қылмысы үшін сотты болып жатса, мемлекет олардың жазысқан хаттарын тексеруге хақылы.*



### **Қазақстан Республикасының Конституциясы, 18-бап:**



- 1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.**
- 2. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.**
- 3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.**





# Мақтаншақ



# Мақтаншақ

Сөз еркіндігі

Дүниеде өзі жалқау, өзі бөспе бір кісі өмір сүріпті. Осы мінезіне қарай жұрт оған Мақтаншақ деп ат қойып алыпты. Өзі жай жүрмей, байлығын айтып күпініп сөйлегенді жақсы көреді екен. Ауыл-ауылдағы жұрттың бәрі Мақтаншақ базарға шығарған қойын мақта-са, оны алмай-ақ қойған дұрыс дейді екен. Ал үйір-үйір жүйрік жылқым бар десе, онысының бәрі көтерем, ауру болып шығатынын да білетін.

Тек Мақтаншақтың өзіне шындықты айтуға ешкімнің дәті бармайтын. Өйткені ол сол жердегі ең ықпалды байдың досы екен. Ал бай – ханның бауыры. Мақтаншақтың көңіліне бірдеңе жақпай қалса, досына барып шағынады. Ол ағасына, яғни ханға бірден жеткізіп барады. Ал кенже бауырын жанындай жақсы көретін хан әй-шайға қарамай, Мақтаншақты ренжіткен жанның жазасын беруге жандайшаптарын жұмсайтын. Сөйтіп, жұрт Мақтаншаққа бір ауыз сөз айта алмай, тілін тістеп жүреді екен.

Күндердің күні Мақтаншақ алма бақты аралап жүріп, бір тұзақты көреді. Оған өмірінде көрмеген әсем құс түсіп қалыпты. Тауыс десе тауыс емес, тырна десе тырна да емес, адам көрмеген бір керемет. Тұзаққа шырмалып қалған құс ара-арасында адамның дауысына салып, «Oh, oh-ho-ho» деп күрсініп қояды.

Мақтаншақ әуелі тоқтамай-ақ өте салайын деп, тіпті құсты кебісінің тұмсығымен бір түртіп кетіп бара жатқан. Сәл әрірек барып, мынандай кереметті жолда тастап кетем бе деп ойланып, қайтып келді. Үйіне апарып, торға салып қойса, ара-арасында сайрап, мұның көңілін көтермей ме! Тіпті сайрамай-ақ қойсын, жұртқа осы құстың салған әнінен тіпті қой көзіне жас алады деп өтірікті соға салмай ма!

Мақтаншақ құсты тұзақтан шығарып алып, шапанына орап үйіне әкелді. Торғайдан үлкен құс сыя қоймас кішкентай торға қамап қойды да:

– Ал, сені құтқарып алдым, енді сайра! – деп бұйрық берді.

Құс басын көтеріп, Мақтаншаққа бажайлап қарап алды да, былай деп жауап қатты:

– Алдымен маған біраз дән мен су бер. Өзегім талып, тамағым құрғап отырып қайтіп сайрамақпын?

Мақтаншақ шошып кетіп, отырған жерінде шалқасынан түсті. Аңырып ашылған аузына шыбын кіріп кете жаздады.

– Сен адамша сөйлей аламысың? – деп бажылдады.

– Сөйлей аламын, – деді құс жайбарақат. – Дүниені шарлап ұшып жүріп, неше түрлі адамның сөзін тыңдадым, неше түрлі тіл үйрендім.

– Біздің тіліміз бәрінен әдемі! – деп бөсті сәл есін жия бастаған Мақтаншақ.

Өзі ол арада мына құсты ары қарай қайтпек керек деп, жанталасып неше түрлі нәрсе ойлай бастады. Мынау деген құс емес, үйілген алтын ғой! Ханға сатып жіберсем бе екен, әлде керемет қылып жұртқа көрсетіп пайда тапсам ба екен деп ойлады.

– Тілдің бәрі әдемі, – деді құс. – Жаны таза адам қай тілде сөйлесе, сол тіл жақсы. Жаман адам өзінің тілін ластайды.

– Ой, қойшы соны! – деп Мақтаншақ қолын бір сілтеді. – Ақылмансымай тыныш отыршы.



Алдымен келген қонақтарға біздің тілімізде сайрап бер, сосын дән де берем, су да берем.

Осыны айтып, Мақтаншақ үйінен жүгіріп шығып кетті. Жалпақ жұртқа керемет құсым бар деп мақтануға асық еді.

Күн батып, ымырт үйіріле бастады. Ашығып, шөлдеген құстың әлі кете берді. Мақтаншақ болса әлі жоқ. Бір кезде келді. Жалғыз емес, оншақты ауылдасын сүйрегендей қылып ертіп келіпті.

– Міне, міне, қараңдар! – деді Мақтаншақ торды нұсқап. – Бір теңгеден төлесендер, мына құс қалай сайрайтынын көресіндер.

Байғұстар Мақтаншақтан құтылсақ болды деп бір теңгеден төледі. Сол кезде құс:

– Мен тек жақсы адамдарға сөйлеймін. Ал саған, Мақтаншақ, енді ләм деп ауыз ашпаймын. Не жем салмадың, не су бермедің! – дейді.

– Әне, естідіңдер ме? – деді қуанып кеткен Мақтаншақ. – Естідіңдер ғой? Мен сендерді алдағам жоқ! Мақтаншақ бөспе емес!

Байғұстар шошып, үйден қашып шықты. Мақтаншақ солардың артынан кетті. Жаңа ғана құстың айтқаны бір құлағынан кіріп, бір құлағынан шығып кеткендей. Енді ханды



шақырып келу керек деп, соған асығып кетті. Ұлы адамнан мынадай кереметті жасырып қалуға болар ма? Дүниежүзінің бар байлығына өзім ғана иемін деп жүрген хан мынаны көрсін!

Ханды көндірем деп үгіттеп те жатқан жоқ. Мақтаншақ куәгер қылып ерте барған байғұстар мұның сөзіне рас деп куәлік қылды. Хан қызығып кетіп, ертеңінде бөспенің ауылына келді. Мақтаншақ әуелі құрметті қонағына аста-төк дастархан жайып күтіп алды. Ал құсқа жем-су беру тіпті ойына кіріп шыққан жоқ.

Хан Мақтаншақтың үйіне кіргенде, жаюлы дастарханға көз де салмай, бірден құс отырған торға жетіп барды. Мақтаншақ болса, аяққа оратылған қандендей қасында жүр.

– Дәл тауып келдіңіз, хан ием. Мынау сол, біздің тілді білетін құстың дәл өзі.

– Мынауың былқ-сылқ еткен бірдеңе ғой, өзі өліп қалғаннан сау ма? – дейді хан бетін тыржитып.

– Ұйықтағаны ғой, – деп Мақтаншақ ханның алдында құрақ ұшты. – Қазір есін жиғызамын.

Солай деп тордың шарбақтарын сарт еткізіп жұдырығымен қойып қалды. Құс оянып, сілкініп алды.

– Фьють, фьють.

– Фьють, фьють? – хан дауысын зорайтып құстың шықылықтағанын салды. – Мына «фьють, фьють» дегенді есту үшін келдім бе сонша жерден?

– Жо-жоқ, – деді қорқып кеткен Мақтаншақ.  
– Оныңыз не, қазір, қазір сөйлейді!

Сөйтіп тордың сыртынан тағы бір ұрды. Құс тағы да «фьють-фьють» деді.

– Ай, оңбай кеткір мақтаншақ! Мені мемлекет ісінен алаңдатып, сонша жерге сандалтып қойғаның үшін қойыңның бәрін алып кетсін деп бұйырамын! Ана мәстектеріңді де алып кетеміз! – деп, хан да ызаланып торды бір ұрады.

Торды сыртынан бекітіп тұрған құлып «шық» етіп сынып, ашылып кетті.

Құс жалма-жан ұшып шығып, шаңыраққа қарай ұшып барды да, сайрай жөнелді:

– Мақтаншақ – күпініп қалған бөспе. Ал хан – жауыз тиран.

Алуан тілде сайрап, шындықты талмай айтып, құс алыс-жақын ауыл-аймаққа таратуға ұшып кетті.

*Ойыңдағыны еркін айтып, өзің сенетін хабарды таратуыңа болады. Өзіңе ұнайтын нәрсені оқуға, тыңдауға, өзгелерге айтуға, ұсынуға да еркің бар. Тек шектеулер де бар екенін ұмытпа! Ешкімді кемсітуге, балағаттауға, қорлауға болмайды.*



### **Қазақстан Республикасының Конституциясы, 20-бап:**



1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.
2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.
3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

# Түлкінің тартуы







# Түлкінің тартуы

(Жапон халық ертегісінің желісімен)

Еңбекті таңдау еркіндігі құқығы

Баяғы ерте заманда, бір кішкентай ауылда ерлі-зайыпты тұрыпты. Екеуінің баласы жоқ екен. Жыл артынан жыл өтеді, ерлі-зайыпты қартаяды, ал үйінде сәбидің іңгөлаған дауысы сол күйі естілмейді. Екеуі қартайып, шал мен кемпір болғанда осыны ойлап қатты қамығады екен, тек тағдырға қылар қайран жоқ, маңдайға жазғанға көніпті.

Күн артынан күн сырғып өтіп, екеуі бірқалыпты тірлігінен танбай, өмір сүріп жатады. Бір күні қатты боран соғып, шал ыққан қойын іздеп далаға кетеді. Әбден тоңғанша іздеп, қойын таба алмапты. Малына іші ашығанымен, таба алмасын түсініп, енді үйіне қайтайын десе, анадай жерде біреудің жылаған дауысы естіледі. Бұл не болды екен деп барып қараса, қақпанға түсіп қалған түлкінің баласы – мыршай екен. Өзі жап-жас.

Қақпанға түскен түлкі бар күшін салып бұлқынып, жан дауысы шыға зарлағанымен,



қақпанның қанды аузынан құтылып кетер амал таба алмайды. Шал біраз жақындап барып еді, түлкі қорыққанынан жалын күдірейтіп, тісін ақситып ырылдады.

– Қорықпа, – деді шал оған мейірлене, – саған көмектескелі келдім.

Түлкі тісін ақситқанын доғарып, шалдың ырқына көнді. Шал түлкінің сирағын қақпанның аузынан босатып жіберді. Түлкі орнынан атып тұрып, құйрығын бір бұлғаң еткізді де, сәл ақсаңдай басып кете барды. Тіпті артына бұрылып қараған да жоқ. Шал тек оның сұлулығына таңдай қағып қала берді. Түлкінің терісі адам көрмегендей ерекше алтын түске малынып, Ай астында жалт-жұлт етіп барады.

Ымырт үйіріліп, шал мен кемпір кешкі асын енді алдына ала бергенде, іргеден біреу дауыстап:

– Құдайы қонақпын, – дейді.

Есіктің алдында кірпігіне қырау қатып, үсті-басын қар басқан қыз бала тұр екен.

– Ен далада адасып кеттім, – дейді ол. – Боран соғып, созған қолыңның басы көрінбейтіндей болып кетті, қайда барарымды да білмеймін.

– Келе ғой, балам, кір, жылын! – деп қариялар қызды үйге кіргізіп алды. – Құдайы қонағымызсың. Үй-ішің іздемей ме?

– Жалғанда бір жақыны жоқ жалғызбын, – деп қыз мұңая күрсінді.

– Кел, астан ала отыр.

Үшеуі бірге отырып кешкі ас ішті. Шал мен кемпір қыздың әдемілігіне сүйсініп қарай берді. Келбеті сұлу болғанға қоса мінезі де жайлы, нәзік көрінді. Ешкім жұмсамаса да атып тұрып, кемпірдің ас-суына қолғабыс қыла бастады.

– Атың кім болады, балам? – деп сұрады қариялар астан кейін.

– Алтынай, – деді қыз.

– Атың жақсы екен, – деп мақтады кемпір. – Өзің де алтындайсың.

Қонақ қыз қонып қалды. Жолға таң ата шықпақ болды. Қариялар оған:

– Біздің қасымызда қал, Алтынай, – дейді. – Баламыз жоқ, жетім қариямыз. Сені бала қылайық.

Қыз қуанып кетті.

– Неге қалмайын, қаламын! Ал сіздердің мейіріміңізге алғысым болсын, көрпе тігіп берейін.

Тек бір нәрсені өтінемін: мен іс тігіп отырғанда шымылдықты ашып қарамаңыздар, – дейді.

Қариялар таңғалғанымен, қарсы сөз айтпай келіседі.

Алтынай бірден жұмысқа кірісті. Қариялар сөзінде тұрып, оған бөгет қылған жоқ, мазасын алмады. Тек шымылдықтың түбіне ас-суын қойып кетеді. Қыз болса, астан татып алмайды.

Үш күн өткенде Алтынай шымылдықтан шығып, тіккен көрпесін көрсеткенде, қариялар қайран қалды. Айрықша әсем өрнекке алтын жіптен кесте төгілген, шамның жарығына жалт-жұлт етіп мың құбылады. Көрпенің өзі мамықтай жеп-жеңіл, ананың алақанындай жұп-жұмсақ.

– Әдемісін-ай! – деп сүйсінді қариялар. – Қарасаң көз тоймайды. Рахмет, қызым!

Сол сәтте қариялар Алтынайдың көрпе тігіп болғанша бозарып, жүдеп кеткенін байқайды. Ендігіде қызға мұнша жұмыс істеуге рұқсат бермейміз деп ұйғарады.

Соны айтқаны мұң екен, есіктен жылтың етіп қуаяқ саудагер кіріп келеді. Өзі ауыл-ауылды аралап, біреуден кілем, біреуден тері тымақ, біреуден қайыс белбеу дегендей, түрлі дүниелер сатып алып

кетіп жүретін. Қашанда сатып алатын затының ақысын толық бермей, бағасын түсіріп әкететін.

– Әй, қожайын, үйде сататын анау-мынауың бар ма? – деп сұрайды саудагер.

Кемпір көрпені жасырып үлгермей, саудагер оны көріп қойып, сілекейі шұбыра жөнеліпті.

– Мынадай әдемі көрпе көрсем, көзім шықсын! – деп саудагер әмиянына жармасып, бірден жиырма теңге санап шығара қояды.

Мынадай көркем дүниені көрген байлар тала-сып, мынадан жүз есе артық төлеуге дайын болатынын біліп тұр ғой.

– Бұл көрпе сатылмайды! – деді кемпір жыларман болып. – Қызымның сыйлығы бұл!

– Саудагерге сата салыңыздар, – деді қыз жай-барақат. – Сол ақшаға керегіңіздің бәрін аласыздар! Ештеңеден тарықпай өмір сүресіздер!

Қариялар дау айтпай, саудагерге көрпені сатып жіберді.

Қар еріп, көктем туды. Алтынай қариялардың қолында қамсыз өмір сүре берді. Қариялар да көңілі жұбанып, қуаныш тапқандай болды.

Күндердің күні өлгі қуаяқ саудагер сопаң етіп тағы жетіп келді.

– Амансың ба, кемпір! Ана кездегідей әдемі көрпеңнен тағы бар ма? Сұрағаныңды беріп сатып әкетер едім.

– Жоқ, атама, сұрама, – деді кемпір мен шал азар да безер болып. – Алтынай қызымызға енді іс тігуге болмайды. Жүдеп кетеді жұмыстан. Ауырып қалса қайтеміз?

Қуаяқ саудагер оны тыңдап жатпай, теңге толы әмиянын тықпалап қоймады.

– Осыдан сатпайды екенсің, көзіңе көк шыбын үймелетемін! Мені сол көрпені әкел деп ханның өзі жұмсады! Үш күнде дайын болмаса, айтпады деме, бастарың кетеді!

Саудагер аттана сала, қариялар байбалам салып жылай бастады. Алтынай оларды жұбатып:

– Жыламаңыздар, қайғырмаңыздар. Үш күн дегенде алдыңғысынан да жақсы қылып жаңа көрпе тігіп беремін, – деді.

Алтынай қайтадан шымылдыққа кіріп алып іс тігуге кірісті. Тағы да шымылдықты ашып қарамауды ескертті. Бір күн өтті, екі күн өтті. Қариялар алаңдай бастады. Шымылдықты жағалап, қызына жалынып:

– Айналайын, Алтынай, бола ғой енді! Әбден шаршаның ғой... – дей берді.

Сол арада саудагердің әкіреңдеген дауысы естілді:

– Ал, дайын ба? Немене сонша созып жібердіңдер? Қане, көрсет!

– Дайын емес, – дейді қариялар. – Көрсететін де ештеңе жоқ. Қызымыз іс тігіп отырғанымда шымылдықты ашып қарамаңдар деген.

– Оттапсың! – деп, саудагер қарияларды итеріп жіберіп, шымылдықты жұлқып ашты да, кенет баж ете қалып: – Түлкі! – деп жан дауысы шыға айғайлап, аяғы аяғына тимей безіп жөнелді.

Қариялар да қараса, шынымен, жерде бір түлкі шоқиып алып, тырнағымен өзінің жүнін бір талдап жұлып, сонымен көрпе көктеп отыр екен.

Қариялар шымылдықты қайта қымтап қойып, дыбысын шығармай отырып, таң ата Алтынайға дауыстап:

– Айналайын, қызым, болайын дедің бе? Шыға ғойшы, өзіңді көрейік. Уайымдап отырмыз, – дейді.

Алтынай сол күйі шыққан жоқ. Тек кеш баста шал мен кемпір батылын жиып, шымылдықты



ашып көрмекке ұйғарды. Шымылдық бос қалыпты. Жерде алдыңғысынан да әдемі, көздің жауын алар алтын зерлі көрпе жатыр. Ал айналасына түлкінің жүні шашылыпты.



*Мамандығың мен жұмыс орныңды өзің таңдайсың. Мұғалім болғың келе ме, басқа бір маман иесі боласың ба, хақың бар. Бұл сенің таңдағаның және сені одан мәжбүрлеп айнытуға ешкімнің хақысы жоқ. Оған қоса, сені істегің келмеген жерде жұмыс істеуге де ешкім мәжбүрлей алмайды. Жұмыс орныңды өзің таңдап, ол жерде жұмыс істеген қауіпсіз болсын деп талап етуге де хақылысың. Демалысты да ұмытпа! Жұмысқа кірісер алдында еңбек шартына қол қоясың. Онда неше сағат жұмыс істейтінің, қай күндері демалатының, еңбек демалысың неше күн болатыны жазылады.*



## Қазақстан Республикасының Конституциясы, 24-бап:



1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.
2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітүсіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.
3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.
4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.



# Тиннің ачурдаі



# Тиіннің Жүрегі

Ана мен баланы қорғау

**Ә**желгі өткен заманда, Көк Тәңірі ұлпа бұл-  
тқа жантайып демалатын шақтарда аңдар  
мен құстар қазіргі біз көріп жүргендей болмаған.  
Бәрі өлшеусіз алып болатын. Бір мақұлық қана  
өзгелердей емес, кішкентай, тыығым кішкен-  
тай екен. Құрттай ғана тиін. Қане, оқырманым,  
қолыңды алға созып, шынашағыңа қарашы.  
Міне, сол кездегі тиіннің тұрқы сенің шына-  
шағыңдай ғана болыпты.

Тиін балаларымен бірге жас талдың діңін  
ойып, үй салып алыпты. Жаңа туған балалары  
өзінен де кішкентай, әлжуаз екен. Тіпті үп еткен  
желге ұшып кететіндей кішкентай болса керек.  
Тиін балаларын барынша қорғаштап, мәпелеп  
бағып жүріпті.

Балаларын бауырына басып отыра бергісі кел-  
генімен, азық іздеп ағаш діңіндегі ойық үйінен  
шығуға тура келетін кездер де болатын. Ондай кез-  
де тиін балаларын тастап кетуге қанша қорықса да,  
амалы жоқ еді, қарайласатын жақыны тағы жоқ...



Күндердің күні сол ойық-үйдің тұсынан бір жапалақ ұшып өтіп бара жатады. Оның көлеңкесі түскенде, тиіндердің үйі қап-қараңғы болып кетіп, балалар анамыз бізді тастап кетті ме деп қорқып, шырылдап, шиқылдай бастайды.

Жапалақ олардың дауысын естіп, ойықтың жанындағы бұтаққа барып қонады. Ойыққа басын тығып қарайын десе – басы ойықтан да үлкен, сыймайды. Табаны да үлкен, ол да сыймайды. Тұмсығын тығайын десе, тыққанымен онысы қысқа, тиіннің балаларына жете алмайды.

Жапалақ әуестігін жеңе алмай, ойыққа бір көзін тақап қарайды. Сонда тиіннің балалары оған кәдімгі құрттар сияқты көрінеді. Сол кезде ол тілін шығарып (бұрынғы заманда жапалақтың тілі қазіргідей емес, ұп-ұзын болатын), тиіндерді тілінің ұшымен іліп алады. Сөйтіп тиіннің байғұс балалары дүниеге келген-келмегенін де білмей, жапалаққа жем болып кете барды. Жемсауына ас барған жапалақ риза болып үлдеп алды да ұшып кетті.

Кешке тиін үйіне оралғанда, дүниеде оның қайғысына жетер қайғы болған жоқ. Жақынын жоқтаған адамша зар илеп жылайды.



Балаларынан айырылғанына сенер емес, көнер емес, сонда да амал қайсы?

Күн артынан күн шығып, кеш артынан кеш батып, күз артынан қыс түсіп, уақыт сырғып өтіп жатты. Өмірдің ағысы тоқтар ма? Сорлы тиіннің мұңына құлақ түрер жан болар ма?

Уақыт өте байғұс ана балаларынан айырылғанына көндігіп, тағы да дүниеге бала әкелгісі келеді. Тағы да кішкентай тиіндер туады. Бұл балаларын тиін алдыңғыларынан да бетер қорғаштайды. Үйінен алыстап кетпеу үшін ұзаққа жетер азық жиып алады. Бұдан былай ешбір аң, ешбір құс тіпті тырнағын да сұға алмайтындай кішкентай ойық-үй жасап, балаларымен сонда көшіп барады.

Балалары өсіп, ержетіп, бұғанасы беки береді. Тиін де бақытты еді. Орманда өрт шыққан сол бір күнге дейін бұлардың төрт құбыласы түгел болатын.

Бір жылы жазда күн қызып кеткені сондай, құрап қалған шөптің бір шеті тұтанып, өрт жан жағын жалмай бастайды. Тілерсегін от жалыны күйдірген жан-жануарлар жолындағының бәрін жайпап қаша жөнеледі. Тұрғанына ғасырдан астам уақыт өткен ағаштардың өзі аң тұяғына тапталып, сатыр-сұтыр етіп сынып, құлай бастайды. Кішкентай тиін мекен еткен ағаш

та гүрс етіп опырылып құлағанда, байғұс тиін үн шығарып та үлгермей қалды. Ойық-үйдегі тиіннің балалары да бірге құлады... Аңдардың көбі өрттен аман шықты. Тиіннің балаларынан басқаның бәрі тірі қалды.

Тиіннің жүрегі бұл қайғыны көтере алмады. Оның зарлап жылағанынан төңірекке мұң тарап, қалың тұмандай қаптап алды. Аңдар мен құстар шошып кетті. Үрейленіп жан-жағына қарай бастады. Бұл қалай болғанын ешқайсы ұға алар емес. Мына мұң қайдан келді, кімнен шықты? Түк түсінер емес. Күн шыдады, апта көнді, айға ұласты... Бір күні көзі қырағы аңдардың бірі қалың мұңның арасынан жылап отырған тиінді байқап қалады.

– Тиін! Осы ғой бәріне кінәлі! Осының кесірінен бәріміз мұңға батып отырмыз! – деп айғай салды ол тиінді нұсқап.

– Садағаң кетейік, тиін, жыламашы! Жұбаншы! – деп жалынды аңдар мен құстар. – Сенің жылағаныңа қарап жанымыз езіліп барады!

Алып аңдардың даусы күн күркірегендей гүрілдеп шықса да, қайғыдан есеңгіреп қалған тиін бірін де естіген жоқ. Көзінің жасы көл болып жылай берді, жылай берді...

– Айтшы, тиін, бәрімізді неге мұңға батырып жібердің? – деп кейіді аңдардың бірі. – Сені ренжіткен жеріміз бар ма еді?

Тиін жауап қатпай жылай берді.

Сол сәтте кенет бұлттар ысырылып, көзге көрінбейтін сатымен көктен Аспан Рухының өзі жерге түсті. Жерді жайлаған мұң көтеріле беріп оған да жеткен екен.

Аспан Рухы ақырындап басып, тиіннің жанына барды да, мамық көрпеге орағандай оны уысына қымтап алып, оның сонша жылағанына не себеп болғанын бірден түсіне қойды.

– Кішкентай тиінді көргендерің бар ма? – деп сұрады Аспан рухы.

Аңдар жауап қатпай қарап тұр.

– Өздерің де білмей, сендер оны бар қымбатынан – балаларынан айырдыңдар, – деді Аспан рухы. – Өйткені бәрің көк тіреген алыпсыңдар, мына шынашақтай жануарды тірі жан деп қараған бірің жоқ. Ал тиінге көмек керек еді.

Аспан рухы уысын жазғанда тиін жылағанын қойған еді.

– Бұдан былай менің жүрегімнің бір бөлшегі баласын әлпештеп, мәпелеп өсіріп отырған әр тірі жанның кеудесінде жүреді. Үлкен болсын, кіші болсын, қанатты-қанатсыз, құйрықты-құйрықсыз, әр ата-ананың кеудесінде болады. Ол жанын аямай балаларына қамқор болып жүрген әр тірі жанның кеудесінде, қараңғыда жарық шашып, суықта жылытып, мың бір атты

бөледен қорғап жүреді. Ержеткенге дейін әр баланың да кеудесінде болады.

Осыны айтып, Аспан Рухы кеудесінен жүрегінің бір түйірін шығарып, тиіннің кеудесіне салды. Тиіннің шынашақтай ғана бойына қонған жүректің бір түйірі сәуле шашып, күндей жарқырай жөнелді. Енді құртақандай тиін елеусіз қалмайды. Бұдан былайғы жерде оны көрмей, байқамай қалу мүмкін емес.

*Ата-анаң сені тәрбиелеуге, қамқор болуға міндетті. Олар сенің бар қажетіңді өтеу үшін жұмыс істеп жүр. Алайда келешекте, 18 жасқа толғаннан кейін ата-анаң жұмыс істей алмай қалса, оларға қамқор болуға тиіссің.*



### Қазақстан Республикасының Конституциясы, 27-бап:



1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.
2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.
3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.





# Тшінде бірдеңесі Бұзылып кеткен ХАН





# Тшінде бірдеңесі бұзылып қалған хан

Денсаулық сақтау құқығы

Бір байғұс ханның ішінде бірдеңесі бұзылып қалыпты. Нақты не бұзылып қалғанын хан өзі де түсінбейді. Өзі сезімін қадағалаудан қалғалы қашан. Күні-түні ханның бойын бірдеңе қарып, күйдіріп бара жатқандай, қақсап-сыздай береді. Әуелі жүрегім ауыра ма деген, кейін асқазаным дұрыс істемей қалды ма деді, бір кезде күйім болмай жүргені басымның кесірінен деуге көшті. Хан біраз уақыт азап шегіп жүреді де, бір күні көмекшілеріне төңіректегі ең жақсы емшілерді тауып, жиып әкелуді бұйырады.

Ертеңінде таң алагеуімнен хан ордасының алдында құжынаған қарақұрым кезек тұрады. Біреуі иығына құрғақ шөп толы қоржын асынған, енді бірі емшілік жайлы топ-том кітап теңдеген есегін жетектеп алған, тағы бірі түрлі сұйық құйылған құтыларды салақтатып асып

алған. Кезекте тұрғандардың әрқайсы ханды азабынан құтқарып, сыйға кенелемін деп үміт етіп тұрады. Әрі әрқайсы сыйымды ала алмай қаламын ба деп қорқып, емді бастамай тұрып-ақ жұмысының ақысын алып алайын деп сұраған.

Бірінші емшінің сұрағаны көп болған жоқ, бірнеше діллә жетеді деді. Алдымен адыраспан тұтатып, жан-жағын аластап шықты. Орданы алып кеткен қоңырсыған түтіннен ханның көзі ашып, жасаурап кетті. Алайда түтін сейілгенде хан ішіндегі күйдіріп, сыздап бара жатқан ауру басылмағанын байқайды.

Келесі емші алдыңғысынан екі есе артық ақша сұрады. Содан кейін есекке теңдеп әкелген қалың кітаптарының бірін ашып, оқуға кірісті. Ара-арасында көзін көтеріп, азаптан өңі бұзылып отырған ханға бір қарап қойып, «иә, иә, түсінікті болды» деп қойып, қайтадан кітапқа бас қояды. Ханның шыдамы шегіне жете бергенде, емші айғайлап жіберді:

– Бар бәле табаныңызда! Табаныңызға құйрық май жағып, қалың көрпеге орап қойсаңыз, ауру бірден кетеді!

Осыны айтып емші кетіп қалады, ал хан нөкерлеріне табанына құйрық май жаққызып, аяғын қалың көрпеге орап алды. Тек ауру кетер емес. Сол күйі ішін сыздатып, күйдіріп барады.

Үшінші емші еңбегімнің ақысы деп бір дорба діллә сұрады. Ақшаны алғаннан кейін ханнан рұқсат алып, кеудесіне ұзын түтігін тіреп қойып, жүрегін тыңдады. Ханның жүрегі біресе бөйге тұлпардай атқақтай соғып, біресе жаралы аңдай баяулай қалады екен. Емші ханымыз елі үшін уайымдап, содан жүрегіне кінәрат түскен ғой деп, тыныштандыратын тұнба ішсін дейді. Ол тұнбаны қосымша ақшаға беремін деп, үстіне асып алған көп құтының арасынан тауып береді.

Алайда хан ол тұнбаны ішуге батпай-ақ қойды. Нөкерлері келесі емшіні шақырды.

Біртіндеп сырттағы кезектің қарасы сирей берді. Ханның ақшасы да азая берді. Әр келген емші еңбегімнің ақысы деп алдыңғы емшіден де көбірек ақша сұрай берді. Ақырында, ең соңғысынан бұрын тұрғанының кезегі келгенде, ол ақыға күміс діллә толы қазан бер деді.

Күн батарға таяғанда, хан жазылам-ау деген

үмітінен күдер үзіп, түңіле бастады. Сол кезде ордаға соңғы емші кірді. Өзі жап-жас, ал киімі қатты тозып кеткен екен.

Емші ханның жүзіне бажайлай қарап тұрып, оның бір жақ беті қатты ісіп кеткенін байқайды. Ханға таяп барып, аузыңызды ашыңыз дейді. Әбден қалжыраған хан қарсыласпай, аузын ашады.

– Төменгі жағыңыздағы азу тісіңіз бұзылған. Беті жұмсарып, ойылып, тамақ тұрып қала берді. Қатты қабынып кеткен, енді сол тісті жұлып тастамаса, жағдайыңыз нашарлай береді. Хан:

– Тек мен енді саған сұрағаныңды бере алмаймын... – дей беріп еді, емші көз ілеспес жылдамдықпен ханның аузына сайманын салып жіберіп, ауру тісті жұлып алды.

Хан бірден бойы жеңілейіп қалғанын сезді. Бәсе, істемей қалған осы екен ғой! Қуанып кеткен хан білгір емшіге қолында бар қалғанын беріп разы қылайын дейді. Нөкерлеріне бұйрық берейін деп жан-жағына қараса, емші сол арада кетіп қалыпты. Еңбегінің ақысына бір тиын да алмай кеткен екен.

*Адам өз денсаулығына қамқор болғаны маңызды. Денсаулығыңа мұқият қарауың керек, мемлекет те саған ауырмай-сырқамай өмір сүруге көмектесуге міндетті. Бір жерің ауырса, емханалар мен ауруханаларға барып, тегін қаралуыңа болады.*



**Қазақстан Республикасының  
Конституциясы, 29-бап:**



- 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.**
- 2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.**
- 3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.**



# Қыз бала, Үдде және мәнжкә балық







# Ғыз бала, Әббе және мөңке балық

Право на образование

Әаяғыда бір ғыз бала болыпты. Өзі аса мейірімді әрі білімге құштар екен. Дүниедегінің бәрін білсем деп тұрады екен. Неге бұлттардың біреуі ақ мамықтай ұлпа, ал енді бірі сұп-сұр, тесік-тесік болады? Неге ит үреді, ал мысық мияулайды? Аспанда найзағай неден шығады? Қаптағы күріштің дәндерін санауға бола ма?

Ата-анасы қызын қатты жақсы көргенімен, оған білгісі келгеннің бәрін білуге көмектесе алмайды екен. Жалғыз мектеп алыстағы үлкен қалада ғана бар. Ал оған тек алтын теңгесі бар балаларды ғана қабылдайды екен. Ал ғыз отбасының тышқаннан басқа түгі жоқ еді.

Бір күні қызды анасы өзенге суға жұмсапты. Қыз асықпай аяңдап, жан-жағына тамашалай қарап бара жатады. Өзенге жетіп, шелегіне су ала бастайды. Қараса, жағаға таяу жерде бір

мөңке балық аударылып қалып, суда қалқып жүр екен. Не өлі, не тірі екені білінбейді. Езуінен қармақтың ілмегі шығып тұр. Қыз балықты аяп кетіп, судан шығарып алып, езуіндегі ілмекті ағытып, қайтадан суға жібереді.

Қарап отырып тағы ойлана бастайды: «Неге балықтар суға батып кетпейді? Олардың қабыршағы неге күнге жалт-жұлт етіп тұрады? Өзенде қанша балық бар екенін санауға бола ма екен?».

Ойланып отырып, суасты әлемінің жауыз рухы Уббе таяп келіп қалғанын байқамапты. Ол жауыз қызды өзіне қызметші қылып алғысы келеді.

Үңгірін жинап, тамағын істеп, түнде жатарда ертегі айтып беріп жүрсе дейді. Сөйтіп, қыздың суға салып қойған шелегін тарта бастайды. Тартып әкетіп барады. Міне, қыз тобықтан суға кірді. Уббе қаттырақ тарта бастады. Міне, қыз суға тізесінен кірді. Тіпті қауіп төніп тұрғанын байқар емес, өйткені Уббе оны арбап алған сияқты...

Осы кезде бағанағы қыз құтқарып жіберген мөңке балық есін жиып, бойына жан кіріп,

жан-жағына қарай бастаған. Өзін құтқарған қызға қауіп төніп тұрғанын, белуардан суға түсіп кеткенін, оның қолына жармасып алған Уббені көреді. Сол сәтте мөңке балық адам дауысымен айғай салды: «Сақ бол, Уббе! Ажалың таяу! Атақты Батыр сенімен жекпе-жекке шыққалы келді! Қазір құйрығыңа жармасады!».

Уббе шошып, құйрығын сермеп қалғанда, қызды уысынан шығарып алды. Сермеген құйрығы суға тиіп, жан-жаққа су шашырайды. Бетіне су тамшылары тигенде, қыз арбаудан айығып, есін жиып алды да, қолынан ұстап тұрған жылбысқы саусақтың табын сезіп, басына қатер төнгенін ұқты.

Уббе жуан мойнына жалғанған басын арыбері ебедейсіз бұрып, Батыр қай жақтан келер екен деп қарап тұрғанда, қыз бойын жиып алып, құбыжықтың уысынан сытылып шығып кетті. Тездетіп жағаға шығып алып, демін басып, әрірек барып тұрды да, айғай салды:

– Уббемен жекпе-жекке шыққалы келген Батыр осында ма?

– Жоқ, – деп жауап берді оған мөңке балық. – Мен ғана, сен бағана езуіндегі қармақтың ілмегін алып тастаған мөңке балық қана бар!

Мөңке балықтың өлмегенін көріп, қыз қуанып кетті.

– Айтшы, мөңке балық, Уббе кетіп қалды ма?

– Кетіп қалды, – деді шабақ. – Суасты әлемінің рухы ініне барып тығылып қалды, әлі біразға дейін сыртқа шығуға жүрегі дауаламас.

Қыз үрейін басып, мөңке балықты сұрақтың астына алды: «Неге балықтар суға батып кетпейді? Олардың қабыршағы неге күнге жалт-жұлт етіп тұрады? Өзенде қанша балық барын санауға бола ма екен?».

Мөңке балық қызға бар білгенін айтып беріп, ақырында былай деді:

– Маған жаның ашып, аман алып қалғаныңа рахмет! Ата-анаңа қайта ғой. Уайымдама. Жақында барлық сұрақтың жауабын табасың, білгің келгеннің бәрін білесің.

– Саған да рахмет, Уббеден құтқарғаныңа рахмет, – деді қыз.

Мөңке балықпен қош айтысып, үйіне қайтты. Табалдырықтан аттай бере аһ ұрып таң-тамаша

болды. Шелегіне толтырып су деп әкелгені су емес, алтын-күміс теңге аралас салынған інжу-маржан екен.

Отбасының қуанышында шек болмай, бақыттан басы айналардай болды! Уақыт оздырмай, ертеңінде-ақ қызды үлкен қаладағы мектепке оқуға жіберді. Қыз бәрінен жақсы оқыды. Оқуын аяқтаған соң, мөңке балық тарту еткен қазынананың қалғанына мектеп салдыру үшін туған ауылына оралды. Баланың бәрін құшақ жая қарсы алатын, білім алғысы келген баланың бәрін оқытатын мектеп салсам деді. Әсіресе, тышқанынан басқа ештеңесі жоқ үйлердің балаларына білім берсем деді.





*Білім – дамудың кілті. Орта білім алу үшін мемлекеттік мектепте не колледжде тегін оқуыңа болады. Одан кейін өзің мамандық таңдап, университетке түсе аласың. Ал жақсы оқып, емтихан тапсыра алсаң, мемлекет университеттегі оқуыңның да ақысын төлейді.*



### **Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30-бап:**



1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.
2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.
3. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.
4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.



Автордың идеясы: «Қазақстан жастар ақпарат қызметі»

«1SRights»\*: шеберлік сабақтары мен ертегілер арқылы балалар мен ата-аналарға адам құқықтары тұжырымын үйрету « жобасының бөлігі ретінде әзірленген.

\* Бұл жоба Евразия қоры жүзеге асыратын АҚШ халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын Орталық Азиядағы Әлеуметтік Инновациялар бағдарламасының қолдауымен ұйымдастырылды. “Қазақстан жастар ақпарат қызметі” ҚК Астана қ. ф-лы ақпараттың мазмұнына тікелей жауапты, және де ол ақпарат USAID-тың, немесе Америка Құрама Штаттары үкіметінің пікіріне сай келмеуі мүмкін.



**USAID** — бұл әлемдегі жетекші халықаралық даму үшін USAID Орталық Азия веб-сайты [www.usaid.gov](http://www.usaid.gov) мен Facebook USAIDCentralAsia парақшасын қараңыз.



**Еуразия қоры (Eurasia Foundation Inc.)** — бұл 1992 жылы АҚШ-та бүкіл әлемдегі қауымдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейту бағдарламаларын қолдау мақсатында құрылған коммерциялық емес халықаралық ұйым. 2019 жылы Еуразия қоры АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын «Орталық Азиядағы әлеуметтік инновациялар» (SICA) бес жылдық бағдарламасын іске асыра бастады. Бағдарлама Қазақстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда және Өзбекстанда белсенді және жауапты азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі бастамаларды қолдауға бағытталған



“Қазақстан жастарының ақпарат қызметі” қоғамдық қоры (ҚЖАҚ) — Қазақстанның дамуы мен гүлденуіне энергиясын, интелектін, білімін жұмсағысы келетін жастардың басын қосқан коммерциялық емес ұйым. Қазақстанның жас азаматтарын қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыруда, республикалық адвокати науқандарды өткізуде ҚЖАҚ-ның тәжірибесі бар. Қор мен оның жобалары туралы толығырақ ақпаратты ресми инстаграм парақшалардан алуға болады: @misk.astana, @misk\_kz, сайтта да ақпарат бар: <https://misk.org.kz/>

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІЛЕР ЖИНАҒЫ

*балалар әдебиеті*

**Метiң:** Антонина Шипулина

**Аудармашы:** Назгүл Қожабек

**Түзету:** Әбділда Жұлдыз

**Суреттер:** Қаракөзайым Сәрсенғалиева (@qarakoz.arts)

**Басылған:**

Service Press баспасы,

Алматы, Халиуллин көшесі, 32/1,

тел.: +7 (727) 352 82 02

Баспа жіберілді 10.03.2023. Заказ № 96. Тиражы 105 экз.

Формат 92/64  $\frac{1}{16}$ . Офсеттік басылған.

ISBN 978-601-354-092-4



9|786013|540924|